

Сондықтан оны түсіну, білу әр адамның өзі үшін керек. Жазушылар адам образын да, көркем сюжетті де, жеке адамға тән мінезді де, күйініш-сүйінішті де, табиғаттың әдемі көріністерін де көркем тіл арқылы жасайды. Тілсіз көркем шығарма жоқ. Тілге мән бермеу не оны білмеушілік әдебиеттің даму процесіне де көп кеселдік келтіруі мүмкін. «Жылтырағанның бәрі алтын емес». Жақсының жаманнан, асылды жасықтан айыру үшін әдебиетші, сыншылар көркем тілді өздері жақсы біліп, толық меңгеруі – басты шарттардың бірі болып табылады. Міне, осылардың бәрі де көркем тілді кең зерттеп, терең түсінуімізді қажет етеді. Қандай ұлттың әдебиетін алып қараса да, ондағы басты құндылық оның сөздік қорына келіп тіреледі. Сондықтан, халықтың қоршаған дүниені көркемдік ойлау жүйесінің тереңдігімен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оспанова Б. Лингвомәдениеттану. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2018 – 152 б.
2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Автореф. дис. – Алматы, 1966. – 187 б.
3. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуальды метафоралар. – Алматы: Қазақ университетінің баспасы, 2002. – 162 б.
4. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 411 б.
5. Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін 9- сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 256 б.
6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 320 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

Мажитаева Гульжана Аскарровна

Алматы обл. Қарасай ауд. «Бота» балабақшасының орыс тілі мұғалімі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

«Ел болам десен, бесігіңді түзе», - деген ұлы қаламгер М.Әуезов. Қазақ халқында жаңа өмірдің, жарық дүниенің есігін ашқан нәрестенің өзіне сый – құрмет көрсетіліп, дәріптейтін лайықты салт – дәстүрлері бар. Әлемдік жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, ұлт дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға әрекет етуде. Олай болса салт-дәстүр – өсіп келе жатқан баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің ұлт өкілі ретінде өсіп, үлгі-өнеге алуына әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халық педагогикасын басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет. Ол үшін осы ұғымдардың мазмұнын түсіну керек. Соңғы жылдары мектепке дейінгі ұйымның тәрбие үрдісінде халықтық педагогика идеяларын қолдануға көп көңіл бөлінуде. Әйтсе де, осы салада ғылыми әдебиеттер мен мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде тәрбие жұмыстарына талдау жасай келіп, ұлттық салт-дәстүр арқылы тәрбиелеудің теориялық, тәжірибелік тұрғыда да өз дәрежесінде жүргізілмей отырғандығы көрінеді. Білім беруде халық ауыз әдебиеті үлгілерін, халықтық музыка, ұлттық ойындар, өнер, салт-дәстүрлерін тұтас қамтып, бірлікте жүргізу көзделді. Олар тәрбиленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мазмұндық деңгейі әрқелкі болып жүзеге асырылуы тиіс. Балалардың әрбір іс-әрекетінде ұлттық ерекшелік қанық бояумен әрленіп, дараланып тұруы көзделеді.

Балабақша – тәрбие бесігінің бірі. Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыра отырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

“Қазақтар балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле”, - дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығармай, ұстануымыз керек. Еліміздің ертеңгі болашағы балаларға ұлттық тәрбие беру – қазақ халқының басты міндеті. Ұлттық тәлім-тәрбиенің басты мақсаты – адамгершілік, бауырмалдық, қайырымдылық, туысқандық, әдептілік, әдемілік болып табылады. Балабақша – бала тұлғасының қалыптасып, білім нәрінің бастау алатын алғашқы білім ошағы. Балаларды балабақшадан бастап ақылдылыққа, алғыр ойға, тілдік шешендікке, ісмерлікке баулу – ұлттық тәрбиенің басты мақсаты.

Балабақша қоры ұлттық болмыспен қамтамасыз етілуі шарт. Яғни, ұлттық ойындар ойнатылып, ұлттық ертегілер, ұлттық ойыншықтармен, тіпті ұлт тіліндегі тәрбиелік маңызы зор мультфильмдердің көрсетілуі талап етілуі қажет. Әрине, салт-дәстүрлер түрлері өте көп. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас шамасына сай меңгерілетін түрін айтатын болсақ: олар ұлттық ойындар, амандасу, ер баланы сыйлау, қыз баланы сыйлау, үлкен адамдарға құрмет көрсету, кішілерге қамқор болу және де ең бастысы ана тіліне деген құрметті бала санасына сіңіру. Осындай сабақтасқан салт-дәстүрдің бала жас шамасына сай жүйесін біздің балабақшада да, баланы балабақшаға қабылдаудан бастап кешкі үйге қайтуға дейінгі уақыт аралығында іске асырылады. «Бота» мектепке дейінгі балалар мекемесі қызметкерлері жоғарыда аталған ұлттық үрдістерді оқу іс-әрекет барысында, серуен уақытында, ойын іс-әрекеттерінде үнемі пайдаланып, баланы ұлт жанды етіп тәрбиелеуде өз үлесін қосып келе жатыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде наурыз айында өткізілетін «Қош келдің, Әз-Наурыз» атты апталық барысында мектепалды топтар арасында «Салт-дәстүрім - алтын қазынам» атты іш шара өткізіліп, ұлттық дәстүрді арқау етіп, ата-баба тарихын тереңірек танытып, мұрасын қадір тұту мақсатында «Бесікке салу», «Тұсау кесер» сияқты салт-дәстүрлерді балалар өздері сахналап, оның мәні мен мағынасын түсінуге тырысады. Күнделікті ас ішкеннен кейінгі бата беру, оқу іс-әрекеттерде мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды қолдану арқылы халықтық педагогикасы насихатталады. Баланы шешендікке баулуда айтыс өнерінің маңызы зор. Балабақшамызда «Өнерлі бала - сүйкімді» атты сөз мерген сайысы барысындағы мектепалды топтар арасындағы айтыс өте қызықты да тартымды өтті. Қыз бен жігіт ролін сомдай отырып, балалар «Қыз бен жігіт айтысын», «Өтірік өлеңдер айтысын» ортаға салды.

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде ұлттық ойынның алатын орны ерекше. Ұлттық ойынға келетін болсақ ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында қандайда бір тақырыпты меңгеру үшін қолдансақ, ал ойын уақыттары барысында балалар ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа, мейірімділікке және сыйластыққа баулиды. Ұлттық ойын ойнау арқылы балалардың өз салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігі артады. Балабақшадан бастап балаларға білім, білік дағдыларды меңгертіп қана қоймай, ұлттық ойындармен, мейрамдық іс-шаралар барысында біздің ұйымдастырған жұмыс бағыт барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері де толығымен жүргізіліп жатыр. Бала ойын арқылы шапшаңдыққа, тапқырлыққа, мергендікке, еңбексүйгіштікке үйренеді. Осы мақсатта дене шынықтыру мамандарымыздың ұйымдастыруымен ересек топтар арасында «Көкпар», «Қыз қуу», «Бес асық», «Арқан тартыс», «Тақия тастамақ», «Бәйге», «Теңге алу» сияқты ұлттық ойындар ойнатылып, балалар қызығушылықпен қатысты. Бос уақытта ойналатын ұлттық ойындары барысында бала тынығады, өміртанымын кеңейтеді, бірлеседі, ұйымшылдыққа үйренеді. Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық өзін - өзі тежеу сияқты қасиеттердің қажеттілігін алғаш сезіну осы ұлттық ойындардан басталады. Мысалы, бос уақытта балалармен ойнауға мынадай қазақтың ұлттық ойындарын ұсынуға болады. «Айгөлек», «Арқан тарту», «Белбеу тастау», «Соқыр теке», «Қойына қасқыр шапты», «Ат қума», «Жаяу көкпар», «Түйе-түйе», «Омпы», «Жалау алу», «Қасқыр мен ешкі», «Алшы», «Хан», «Хан жақса ма?», «Күзетшілер», «Ұшты-ұшты», «Көрші-көрші», «Сақина жинау» тағы басқалары.

Бүгінгі күн талабы баланың ақыл-ойын дамыу, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы - ойын әрекеті, яғни ойын баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы ерек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Кішкентай адамның жүрегі жұмсақ, адамдарға сенгіш келеді. Ол өз тәрбиешісіне шынайы беріліп, оның қимылы мен істеген істеріне қызығып, соларды қайталап өседі. Сондықтан біз алдымыздағы балапандарға жақсы сөз айтып, жақсы іс көрсетіп, жақсы салт-дәстүрмен балаларды сусындатсақ, келешек еліміздің ұрпағы да заман талабына сай білімді де білікті болып өсер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» журналы, Алматы, 2014 ж.
2. «Педагог» журналы, Алматы, 2016 ж.
3. Отбасы және балабақша» журналы, 2013 ж.